

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	17.07. - 21.07.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге байқап құю, қажеті бойынша суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарауға үйрету. (еңбек дағдылары)	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттер: балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. (еңбек дағдылары)	Асхана бойынша кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. (еңбек дағдылары)
	"Сыпайы бол" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға сөздерді сыпай түрде айтуға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту)	"Лото" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-	Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту;	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз	"Лото" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: жемістер мен көкөністерді топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету;

	"Кемпіркосақ" ойыны. Мақсат-міндеттер: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді. (қоршаған ортамен таныстыру)	өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлімдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (қоршаған ортамен таныстыру, танымдық дағдылар)	денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрыңа шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрыңа толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова. (көркем әдебиет) "Суретті құрастыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас	үлгілеріне, ересектің еңбегіне деген қызығушылықты арттыру. М. Әлімқұлов, "Аспаз". Біздің гүл бақшада, Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы, Ақкөңіл жақсы аға. Әлде, май құймақ па? Көже ме, сорпа ма? Әлде, бал қаймақ па, Тұрады ортада. Тәп-тәтті тамағы, Ағай – ас маманы. Пісіре білгенге, Астың жоқ маманы. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Бір сөзбен ата" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға көгөністерді, жемістерді	зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: жемістер, көкөністердің суреттері бойынша. (танымдық дағдылар) "Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет
--	---	--	---	--	---

			бөлік құрауға үйрету. (танымдық дағдылар)	жалпылауға және оларды бір сөзбен атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. (танымдық дағдылар)
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені 1. "Тартыламыз" ойыны. Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет 2. "Иілеміз" ойыны. Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет 3. "Секір" ойыны. Б.қ.: еркін тұру Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу.				

	Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дамытушы ойын "Не істегенімізді айтпаймыз, істегенімізді жасаймыз". Мақсат-міндеттер: балалардың логикасын, ойлауын, қиялын дамыту. Жүргізуші. 1 нұсқа. Тәрбиеші жұмбақты ым-ишара арқылы көрсетеді. Балалар жануарларды немесе заттарды көрсетеді. 2 нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды көрсетеді. Басқа балалар сол қимылдарды қайталайды. 3 нұсқа. Ортада тұрған бала бір	"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәт сақина тас алған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды. (қоршаған ортамен	"Біз құсты іздейміз" ойыны. Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар. Тәрбиеші құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын. - Енді, іздеп, табыңдар. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	"Кім сені шақырды, тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: басқа баланың дауысынан танып үйрету. Құрал: арнайы құрал керек емес. Балалар шеңбер жасап тұрады. Біреуі ортаға тұрып көзін жұмады. Тәрбиеші көрсеткен бала, ортада тұрған баланы шақырады. Бала шақырған адамды дауысынан танып табу қажет. Таныса шеңберге турады – шақырған бала ортаға турады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	"Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды қолмен ұстап, сипап- сезу қабілетін дамыту. Тәрбиеші балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкеледі. Қапшықта жемістер, көкөністер салынған. Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан"

	қимыл көрсетеді. Ал басқалары сол қимылдың не екенін табу керек. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	таныстыру, сөйлеуді дамыту)			шығармаған бойы сол затты сипаттайды. Түрін, түсін, дәмін барлығын айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу «Көгөністерден көже жасау» (дидактикалық ойын) Мақсат-міндеттер: Көгөністердің атауларымен таныстыру. Көгөністерді дұрыс айтуға үйрету. Көгөністердің аттарын жеке атап, жалпылау түсінігін қалыптастыру.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Бірінші байлық-денсаулық" Мақсат-міндеттер: Балаларда гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау дағдыларын қалыптастыру; сап	Жапсырудан ойын-жаттығу "Себеттегі көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балаларды шаршы мен сопақшаның бұрыштарын дөңгелете кесуге үйрету; балалардың қайшыны дұрыс ұстау және шығармашылық жұмыстар жасау қабілеттерін нығайту; дүкен туралы түсінік	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Біздің көгөністер" Мақсат-міндеттер: Балалардың көгөністер туралы білімдерін бекіту, олардың атауларын нақтылау, түсін, пішінін, түр сипатынан ажырата білуге үйрету; байқағыштық пен қызығушылықтарын, байланыстырып	Музыкадан ойын-жаттығу "Сиқырлы дәрумендер" Мақсат-міндеттер: Вокалдық, музыкалық және ритмикалық дағдыларды жетілдіру; шығармашылық белсенділікті дамыту. Музыкалық ойын барысында кейіпкердің мінезін қимыл-қозғалыс

		түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.	беру; жапсыруға арналған бөлшектерді паракқа өз бетімен жабыстыру қабілетін дамыту; ауызша нұсқауларды нақты орындау қабілетін дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; ұқыптылыққа, жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу.	сөйлеулерін дамыту; тірі табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	арқылы жеткізе білу, музыкалық аспаптарда қатты және тыныш дыбыстарды ажыратып ойнау қабілеттерін қалыптастыру.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бақшадағы көгөністерді бақылау (қызанақ). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды көгөністер	Бақшадағы көкөністерді бақылау (қияр). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды	Күн шұғыласын (сәулесі) бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: күн туралы түсініктерді	"Қайда не өседі?" жаттығуы. Жеміс-жидектің өсетінін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер:	Бақшадағы көгөністерді бақылау (сәбіз). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды

	туралы көп білуге ынталандыру; қызанақтың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Қызанақтың тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін,	көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; қиярдың сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екенін түсіндіру. Қиярдың тұқымын көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып, суықта үстін пленкамен жауып, баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, өзегі мен	жетілдіру. Тәрбиеші өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіреді де: Қабырғаға елбеңдеп, Ойнайды сәуле құбылып. Ымдасаң болды «кел» деп, Жетеді демде жүгіріп. Сәл үзіліс жасайды да: "Сәулені ұстандар", - деген белгі береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтандап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады. "Күн қояны" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты:	балаларға бау-бақша мен бақшада өсіп жатқан жемістер мен көкөністерді байқап, ажыратуға дағдыландыру; жеміс-көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсіп, пісетінін түсіндіре отырып, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу. Балаларға жемістердің көбі ағашта өсетінін, жидектер жерде өсетінін айту. Алма, алмұрт, шие, жүзім ағашта, бұлдірген, қарақат жерде өсетінін айту. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру.	көкөністер туралы көп білуге ынталандыру; сәбіздің сыртқы ерекшеліктерін байқауға, атауға машықтандыру; көкөністердің адамның еңбегі нәтижесінде өсетінін, ағзаға аса пайдалы екендігіне көз жеткізу. Сәбіздің ұсақ тұқымын көрсетіп, көктемде ыдыстағы топыраққа алдын-ала егіп, содан соң өскінін бақшадағы топыраққа салып, су құйып баптайтыны туралы айту. Қопсыту, арам шөптен тазалау, суару үлгілерін іс-тәжірибеде көрсету. Сәбіз суықтан қорықпайтынына
--	---	---	---	--	--

пішінін, өзегі мен жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. Еңбек әрекеті: учаскедегі құрғақ бұтақ-қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге тәрбиелеу. "Маған жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:	жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. Еңбек әрекеті: ойын алаңын ағаштардан түскен құрғақ бұтақтардан жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересек адамның еңбегін байқауға және еңбек нәтижесін көруге үйрету. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын	тыныштандыру және елестетулерін дамыту - Күн қояны сенің көзіңе тура қарады деп елестетіңдер. Көздеріңді жұмыңдар. Күн қояны ары қарай жүгіріп өтті, алақандарыңмен ақырындап: маңдайларыңды, мұрындарыңды, ауыздарыңды, беттеріңді, иектеріңді сипаңдар. Оны шошытып алмай ұқыптап басты, ішті, қол, аяқты сипалаймыз. Күн қояны ол тентек емес, ол сендерді өте жақсы көреді және еркелетеді, оны құшақтаңдар. Балалар екі қолдарымен өздерін құшақтайды»	Көркем сөз. Мен шиемін шиемін, Күннің көзін сүйемін. Мен өрікпін өрікпін, Айналаға көрікпін. Жеке жұмыс: жемістердің иісін, дәмін білуді ұғындыру, сұрау. Еңбек әрекеті: бақшадағы көкөністерді суаруға баулу. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын дамыту. Құралдары: балаларға су құйғыштар. "Қайсысы жеміс, қайсысы көкөніс?" ойыны. Мақсат-міндеттер: жеміс пен көкөністерді ажырата білуді пысықтау; іздемпаздыққа	көңіл аудару, күзге дейін өсетінін айту. Балаларға сұрақтар қойып, түсін, пішінін, жапырақтарының ерекшелігін байқап атуға, ұстауда қандай әсер қалдыратынын анықтау. Жеу алдында жуу керектігін ескерту, дәрумендерге толы екендігін, түрлі салат, тағамдарға қосатынын еске түсіру. "Шеңберге дәл түсір" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Балалар ортада жатқан диаметрі 1-1,5 м үлкен шеңберден немесе дөңгелектен (жіптен немесе еденге сызылған) 2-3адам
--	---	--	--	--

	балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге баулу. Ойынды бастамас бұрын, педагог балаларды екі бағанға тізіп; алаңның бір шетіне тұрып, белгі бойынша екі баланы жарысып жүгіруге шақырады. Ойын аяқталғаннан кейін, балалардан кім жылдам жүгіргенін сұрауға, барлығын мақтауға болады. "Бұлақтардан аттап өтейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: бір бағытта жүруде, аяқтарды жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап, кедергілерден аттап өтуге дағдыландыру; ептілікке,	шарттарына сай ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, үлкен шеңберден асып жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); байқағыштыққа, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар	Педагог: енді 1,2,3 деген кезде көздерінді ашындар-дейді. Балалар көздерін ашады. Осы жақсы сезімдерінді күні бойы сақтаңдар. "Ормандағы аюда" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, тақпақ сөздерін айта жүріп, қимылдарды жасауға, бір-біріне соғылмай, бір бағытта жылдам жүгіруге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға жүргізуші бала "аю" болып тағайындалады (таңдалады), қалған ойыншылар - балалар.	тәрбиелеу. Құралдары: себеттер, көкөністер мен жемістердің нақпішіндері. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова.	жерде дөңгелектеніп тұрады. Балалардың қолында құм салынған кішкене қапшықтар бар. Тәрбиешінің "Лақтыр!"- деген белгісі бойынша балалардың бәрі қапшықтарын шеңберге лақтырады. Одан кейін тәрбиеші: "Қапшықтарыңды көтеріңдер!" — дейді. Балалар қапшықтарын көтереді де, орындарына барып тұрады. Ойын 4-6 рет қайталанады. "Тышқан мен мысық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа
--	--	--	--	--	---

	зейінділікке тәрбиелеу. "Бұлақтарды" жерге көлденең сызып немесе жіптерді төсеп қоюға болады. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар: жылдамдықты дамыту, бір-бірін итермей алаңда жүгіру. Балалардың еркін ойыны.	болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. Педагог балаларға алдын-ала үлкен шеңбердің шеткі жерін көрсетеді, шеттен шыққан бала ұсталынбайды. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. "Бұлақтан секіріп өтеміз" жаттығуы. (Мақсат-міндеттер:	"Аю" алаңның бір шетінде, ұйықтаған болып, отырады. " Балалар алаңның екінші жағынан, тақпақ сөздерін айтып, себетке жидектерді жинаған ұқсап, "аюға" қарай жүреді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп, теріп алайық, Себетімізге салайық Балалар, жақын келеді, Аю жидегін береді. Соңғы сөздерді естіген "аю" "оянып", "балаларға" қарай жүгіріп, оларды қуалап, ұстап алмақшы болады. Ұстап алу - балаға қолмен тию болып саналады. Ұсталған "балалар" келесі айналымға	Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Ұзын жол" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бел бұлшық еттерін жаттықтыру; еңкеюде	үйрету. Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.
--	--	--	--	--	---

		балаларды бір орнынан алға екі аяқпен секіре білу қабілетін дамыту; дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру, күш-жігерін дамыту. Балалардың еркін ойындары.	қатыспайды. Ойынның соңында балалар "аю" қанша баланы ұстап алғанын санайды. Ойынды, жүргізушіні ауыстырып, тағы бір ойнатуға болады. Еңбек әрекеті: жас ағаштар мен бұталарды суару, суару әдісін көрсету. Мақсаты: қарайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойыны.	мұқияттылыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойыны.	Еңбек әрекеті: ойын алаңымызды жинастыру. Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын дамыту. Балалардың еркін ойыны.
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың беті мен қолын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс ұстауды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жуу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу,	Тәрбиешінің айтқанын орындайды.				

сауықтыру шаралары	Көздеріңді ашыңдар, Беттеріңді сипаңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар, Іштеріңді тартыңдар, Алақанды сипаңдар, Жұдырықты жұмыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіл, созыл. Енді оян. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Көліктер" сөздік ойыны. Мақсат-міндеттер: жеке сөздерді қатты және ақырын айтқызып үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы	"Матрешкаға қонаққа бару" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және	"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.	"Не өзгерді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістіктікті бағдарлай алуға үйрету, есте сақтауды, қиялды дамыту. Құрал-жабдықтар: "Жемістер мен көгөністер" ойыншықтар жиынтығы.	"Өз үйіңді тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тапсырма бойынша өз үйлерін табуға үйрету; жылдамдыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Қажетті құралдар: "Ағаштардың бейнесі", үйлердің суреттері. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп, әр

	білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады: Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы, Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты. Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей, Жиналғанда бір ойыншық сияқты. Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын	Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Қуыршақты серуенге киіндіріп, шығарайық" ойыны. Мақсат-міндеттер: негізгі түстерді меңгеруге, киім атауын атай білуге және сөйлемде қолдана білуге жаттықтыру. Ойын құралдары: 4 түсті көйлек киген қуыршақтар: көк, сары, қызыл, жасыл. Тәрбиеші балаларға қуыршақтың серуенге	Тәрбиеші ойыншықтарды үстелге қояды, балаларға оларға мұқият қарауды талап етеді. Балалар олардың орналасуын есте сақтайды. Тәрбиеші сұрайды балалардан көздерін жұмып, артқа қарауларын сұрайды. Сол кезде тәрбиеші бір ойыншықты алып тастайды. Балаларға сұрақ қояды. Қандай өзгерісті байқап тұрсындар деп?». Балалар жауап береді. Ойын ары-қарай жалғаса береді. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер:	топтың ойнайтын орнын немесе “үйін” тағайындайды. Екі топқа да өсіп тұрған бірі биік, бірі аласа ағашты көрсетеді де 1-топтағы балалардың үйі биік ағаштың оң жағы, ал 2-топтағы балалардың үйі аласа ағаштың сол жағы - деп белгілейді. Қай топ өз үйлеріне тез барады. Ойын екі рет қайталанады. Ойынның соңында әр топтың балаларын мадақтап отырады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) "Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жеміс, көгөніс,
--	--	--	---	--	--

		аударды, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенін анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір-екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда	шығатындығын, ол үшін қуыршақтың үстіндегі көйлегінің түсіне сәйкес бас және аяқ киімдерді тандап алуға көмектесулерін сұрайды. Балалар түрлі түстердің арасынан өзіне қажетті киімдерді тандап киіндіреді. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; рөл, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін	жидек, гүл, ағаштардың қайда өсетінін анықтау; байланыстырып сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорды белсендіру; қоршаған әлемге деген қызығушылықты арттыру. Құралдар: өсімдіктердік карточка-суреттері. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)
--	--	--	---	--	--

		қателеспеген бала жеңімпаз аталады. (танымдық дағдылар) "Үйшік" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттер: балалардың ертегілердің кейіпкерлеріне рөлдеріне енуіне жағдай жасау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды жалғастыру. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)		суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)	
Балалармен жеке жұмыс	"Жұмбақтар шешу" кешін	"Не қайда орнасқан?" ойыны.	"Қуыршаққа арналған жиһаз"	"Кімнің үйі тезірек жиналады".	"Шеңбер бойымен" ойыны.

	ұйымдастыру. Логикалық ойлауды дамыту, халық ауыз шығармашылығына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (көркем әдебиет)	Мақсат-міндеттер: балалардың жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту; үстеу сөздерді дұрыс пайдалануға дағдыландыру; ойланып айтуға тәрбиелеу. Құралдары: шаршы пішінді парақтар; таратпалы геометриялық пішіндердің жинақнамалары. (қоршаған ортамен таныстыру)	ойыны. Үлкен құрылыс (лего) құрастырғышынан қуыршаққа жиһаз жасау, бөлме ішін әсемдеуге үйрету. Көркем сөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттер: тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру. Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Мақсат-міндеттер: балалардың көгөністер мен жемістер туралы түсініктерін бекіту, олардың атауын толық айтқызу. Балаларға көгөністер мен жемістердің ойыншықтары таратылады. Екі шеңберде бір көгөніс пен бір жеміс жатыр. бірі жемістер шеңбері, бірі көгөністер шеңбері деп аталады. Балалар жан-жаққа жүгіріп кетеді. Серуендеуге шақырылады. Тәрбиеші белгі бойынша барлығы өз үйін табады. Ойын бірнеше рет қайталанады, ал педагог әр уақытта үйлерді ауыстырады. (қоршаған ортамен	Мақсат-міндеттер: шеңберді құрып, шеңберді ойнай білуге баулу; зейінді, қабылдауды дамыту. Балалар шеңберде тұрады. Тәрбиеші ойыншылардың біреуін ойын бастаушы етіп белгілейді. Ол шеңбердің ортасында тұрады. Балалар тәрбиешінің көрсетуі бойынша мына мәтін сөзін айтып, оңға немесе солға жүреді. Әдемі шеңберде, Билейік кең жерде. Қолдармен ұстасып, Бәріміз жұптасып. Бірігіп достасып, Бір орында ұстасып, Осылай етіп істейік. Мәтінді айтып бітер кезде балалар қол созым қашықтықта тұрады. Ойын
--	--	---	--	---	--

				таныстыру, сөйлеуді дамыту)	бастаушы қандай болмасын бір қимыл көрсетеді, шеңбер жасап тұрғандардың бәрі оны қайталайды. Содан соң тәрбиеші ойын бастаушыны ауыстырады немесе ойын бастаушы өзінің орнына біреуді таңдайды және ойынды жалғастыра береді. (дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуді бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері)				

тағы басқа әрекеттер)	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Отбасындағы ойындар" тақырыбында ұсыныстар.	"Ойнайық та ойлайық" тақырыбында жаднама.	"Үйде еңбекке баулу" атты кеңес.	Сұраныс бойынша кеңестер.	"Дәрумендер" тақырыбында ата-аналармен сұхбат.